Teng K., Meng S., Liu Y. (2025) Can alternating irrigation technology drive water saving in agricultural irrigation? Evidence from China. *Agricultural Water Management,* 320, November, 109867. DOI: https://doi.org/10.1016/j.agwat.2025.109867 [Electronic resource]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0378377425005815 (date of access: 19.01.2026).

Water Reuse Europe (2025) Policy and regulations on water reuse. *European Water Reuse Platform* [Electronic resource]: URL: https://www.waterreuseeurope.eu (date of access: 21.01.2026).

Gleick P. (2000) A Look at Twenty-first Century Water Resources Development, Water International, 25:1, 127-138. DOI: https://doi.org/10.1080/02508060008686804 [Electronic resource]: URL: https://ru.scribd.com/document/1061236041/Gleick (date of access: 22.01.2026).

Поступила в редакцию: 10.02.2026
Одобрена: 31.03.2026
Первая публикация: 26.06.2026

МРНТИ: 06.35.31 https://doi.org/10.65247/3136-8042-2026-3.05

IFRS S1 ЖӘНЕ S2 СТАНДАРТТАРЫ АЯСЫНДА ESG КӨРСЕТКІШТЕРІН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРЛЕРДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРЫН БАҒАЛАУ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ

*[1]М.КАЛЖИГИТОВА, [1]М.А.ЖОЛАЕВА
[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана, Қазақстан)
*kaljigitova02@gmail.com, ritazolaeva@gmail.com

Аңдатпа. 2024 жылы қолданысқа енгізілген IFRS S1 және S2 стандарттары бухгалтерлік мамандықтың мазмұнын сапалы түрде өзгертті. Бұл стандарттар бухгалтерлердің дәстүрлі міндеттерінен компанияның орнықты дамуын қолдайтын стратегиялық серіктес ретіндегі жаңа кәсіби рөлге ауысуына негіз болды. Мақалада Қазақстандағы жетекші үш компания – Kazatomprom, Samruk-Energy және QazaqGaz – мысалында ESG көрсеткіштері арқылы IFRS S1 және S2 стандарттарының бухгалтерлер қызметіне ықпалы кешенді түрде қарастырылған. Жүргізілген салыстырмалы талдау бухгалтерлердің орнықты даму есептілігін енгізуге даярлығын және ESG деректерін басқарушылық шешім қабылдауға қолдану деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер көрсеткендей, стандарттарды енгізу бухгалтерлердің кәсіби функцияларын кеңейтіп, корпоративтік ашықтықты жоғарылатады әрі компаниялардың ұзақ мерзімді орнықтылығына септігін тигізеді. Зерттеу барысында бухгалтерлердің кәсіби дайындығын жетілдіруге және ESG есептілігін тиімді пайдалануға бағытталған практикалық ұсыныстар ұсынылған.
Түйін сөздер: IFRS S1 және IFRS S2 стандарттары, тұрақты даму есептілігі, ESG көрсеткіштері, бухгалтердің стратегиялық функциялары, корпоративтік есептіліктің трансформациясы.

Оценка стратегических функций бухгалтеров и внедрения ESG под стандартами IFRS S1 и S2: сравнительное исследование в Казахстане

[1]М.Калжигитова, [1]М.А.Жолаева
[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева (Астана, Казахстан)

Аннотация. Введение стандартов IFRS S1 и IFRS S2 в 2024 году стало ключевым фактором качественной трансформации профессиональной деятельности бухгалтеров, смещая акцент с традиционных функций учета к стратегической роли в поддержке устойчивого развития организаций. В данной статье рассматривается влияние этих стандартов на работу бухгалтеров на примере трех крупных казахстанских компаний – Kazatomprom, Samruk-Energy и QazaqGaz – с учетом интеграции показателей ESG в корпоративную отчетность. Сравнительный анализ позволил выявить уровень

готовности бухгалтеров к внедрению устойчивой отчетности и степень использования ESG-данных для обоснования управленческих решений. Результаты исследования показывают, что стандарты IFRS S1 и S2 способствуют расширению профессиональных обязанностей бухгалтеров, повышению прозрачности корпоративной отчетности и укреплению долгосрочной устойчивости компаний. На основе полученных данных предложены практические рекомендации по развитию профессиональной компетенции бухгалтеров и эффективному применению ESG-отчетности в корпоративной практике.
Ключевые слова: IFRS S1, IFRS S2, отчетность по устойчивому развитию, ESG-показатели, стратегические функции бухгалтера, трансформация корпоративной отчетности.

Assessing Accountants' Strategic Functions and ESG Implementation under IFRS S1 and S2: A Comparative Study in Kazakhstan

[1]M.Kalzhigitova, [1]M.A.Zholayeva
[1]L.N.Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)

Abstract. The introduction of IFRS S1 and IFRS S2 standards in 2024 has significantly transformed the scope and nature of professional accounting practice, shifting the focus from traditional recording functions to a strategic role in supporting organizational sustainable development. This study examines the impact of these standards on accountants' activities using three leading Kazakhstani companies – Kazatomprom, Samruk-Energy, and QazaqGaz – as case examples, with particular attention to the integration of ESG indicators into corporate reporting. A comparative analysis was conducted to assess accountants' readiness to implement sustainability reporting and the extent to which ESG data informs managerial decision-making. The findings indicate that the adoption of IFRS S1 and S2 expands accountants' professional responsibilities, enhances corporate reporting transparency, and contributes to the long-term sustainability of organizations. Based on these results, practical recommendations are proposed to strengthen accountants' professional competencies and optimize the use of ESG reporting in corporate practice.
Keywords: IFRS S1, IFRS S2, sustainability reporting, ESG indicators, strategic functions of accountants, corporate reporting transformation.

Кіріспе

Соңғы онжылдықта климаттық өзгерістердің үдеуі, экологиялық қатерлердің күрделенуі және тұрақты даму қағидаттарының маңыздылығының артуы корпоративтік басқару мен есептілік жүйесінің мазмұнына елеулі өзгерістер енгізді. Осы өзгерістердің институционалдық негізін Халықаралық тұрақты даму стандарттары кеңесі әзірлеген IFRS S1 және IFRS S2 стандарттарының енгізілуі құрайды. 2024 жылдан бастап қолданысқа енгізілген бұл стандарттар ұйымдардан ESG (Environmental, Social, Governance) көрсеткіштері бойынша ақпаратты жүйелі, салыстырмалы және транспарентті түрде ашуды талап етеді. Соның нәтижесінде тұрақты даму есептілігі бұрынғыдай қосымша сипаттан арылып, корпоративтік есептіліктің маңызды құрамдас элементіне айналып, қаржылық және нефинанстық деректердің өзара байланысын күшейтті.

Аталған үрдістер бухгалтерлік есептің дәстүрлі мазмұнын қайта пайымдауды қажет етеді. Қазіргі жағдайда бухгалтерлердің қызметі тек шаруашылық операцияларды тіркеумен шектелмей, ұйымның стратегиялық дамуына ықпал ететін аналитикалық функциялармен толықтырылуда. ESG көрсеткіштері, климаттық тәуекелдер және әлеуметтік аспектілер бойынша ақпаратты жинау, өңдеу және талдау бухгалтерлік қызметтің маңызды бағыттарының біріне айналды. Сонымен қатар қаржылық және нефинанстық деректерді біріктіру басқарушылық шешімдердің сапасын арттырып, компанияның ұзақ мерзімді тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері IFRS S1 және IFRS S2 стандарттарын енгізу ақпараттың ашықтығын арттыру арқылы инвесторлар сенімін нығайтып, ұйымдардың нарықтағы бәсекелік артықшылықтарын күшейтетінін көрсетеді. Алайда бұл талаптарды енгізу деңгейі барлық ұйымдарда бірдей емес. Ірі компаниялар ESG есептілігін қалыптастыруда айтарлықтай ілгерілеу байқатса, шағын және орта бизнес субъектілері деректерді жинау мен өңдеу,

әсіресе жеткізу тізбегіндегі жанама шығарындыларды бағалау барысында бірқатар әдіснамалық және ұйымдастырушылық қиындықтарға тап болуда.

Осыған байланысты аталған зерттеу IFRS S1 және IFRS S2 стандарттары жағдайында бухгалтерлердің кәсіби рөлінің өзгеруін талдауға және тұрақты даму көрсеткіштерін корпоративтік есептілік жүйесіне енгізудің ерекшеліктерін айқындауға бағытталған.

Негізгі бөлім

Қазіргі кезеңде корпоративтік есептіліктің трансформациясы тұрақты даму тұжырымдамасымен тығыз өзара байланыста қарастырылуда. Осы контексте халықаралық деңгейде қабылданған IFRS S1 және IFRS S2 стандарттары ұйымдардың қаржылық емес ақпаратты ашу практикасын сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Аталған стандарттар компаниялардың тұрақты даму аясындағы тәуекелдері мен әлеуетті мүмкіндіктерін, сондай-ақ климаттық факторлардың қаржылық нәтижелерге ықпалын жүйелі әрі айқын түрде көрсету қажеттілігін айқындайды.

Тұрақты даму есептілігінің кеңеюі бухгалтерлік есеп жүйесінің дәстүрлі шекараларын кеңейтіп, кәсіби қызмет мазмұнына жаңа талаптар енгізеді. Бұрын бухгалтерлік қызмет негізінен қаржылық ақпаратты тіркеу және есептілікті қалыптастырумен шектелсе, қазіргі жағдайда ол талдамалық және басқарушылық сипаттағы функциялармен толықтырылуда. Осыған байланысты бухгалтерлер тәуекелдерді бағалау, стратегиялық жоспарлау және ұйымның ұзақ мерзімді даму бағыттарын айқындау процестеріне белсенді қатысатын мамандар ретінде көрініс табады. Нәтижесінде олардың рөлі ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету мен тұрақты даму стратегиясын қалыптастыруда айтарлықтай күшейеді.

Сонымен қатар, халықаралық стандарттардың енгізілуі ұйымдарда ESG көрсеткіштерін өлшеу, мониторингтеу және талдау жүйелерін қалыптастыру қажеттілігін күшейтеді. Мұндай жағдайда бухгалтерлер қаржылық және нефинанстық деректерді кешенді түрде біріктіріп, ұйым қызметінің ұзақ мерзімді тиімділігін бағалауға мүмкіндік алады. Бұл тәсіл корпоративтік басқару сапасын арттырумен қатар, инвесторлар мен өзге де мүдделі тараптар үшін ұсынылатын ақпараттың сенімділігі мен релеванттылығын қамтамасыз етеді.

IFRS S1 және IFRS S2 стандарттарын енгізу бухгалтерлерден жаңа кәсіби құзыреттерді игеруді талап етеді. Атап айтқанда, тұрақты даму индикаторларын бағалау, климаттық тәуекелдерді сәйкестендіру және талдау, әртүрлі деректер көздерін интеграциялау, сондай-ақ стратегиялық есептілікті дайындау дағдыларының маңызы артып келеді. Бұл үдерістер бухгалтерлік кәсіптің мазмұнын жаңғыртып, оның ұйымдағы стратегиялық маңызын күшейтеді.

Осылайша, тұрақты даму стандарттарының енгізілуі бухгалтерлік есеп жүйесінің эволюциялық дамуын жеделдетіп, бухгалтерлердің кәсіби қызметін сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге шығарады. Қалыптасқан жағдайда бухгалтер тек есеп жүргізуші маман ретінде емес, ұйымның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуіне ықпал ететін және корпоративтік есептіліктің сапасын қамтамасыз ететін стратегиялық сарапшы ретінде қарастырылады.

Әдебиетік шолу

Қазіргі кезеңде бухгалтерлік қызмет аясында тұрақты даму есептілігі мен ESG ақпаратын ашу практикасының кеңеюі кәсіби функциялардың мазмұндық трансформациясына алып келді. Осыған байланысты бухгалтердің дәстүрлі есеп жүргізу шеңберіндегі рөлі біртіндеп кеңейіп, стратегиялық талдау, ақпараттық қамтамасыз ету және басқарушылық шешімдерді негіздеу процестерімен тығыз байланыста қарастырыла бастады. IFRS S1 және IFRS S2 стандарттарының енгізілуі бухгалтерлерге тұрақты даму көрсеткіштерін қаржылық есептілік деректерімен өзара үйлестіру мүмкіндігін беріп, ұсынылатын ақпараттың сапалық сипаттамаларын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл стандарттар ұйым ішіндегі шешім қабылдау процесінде бухгалтерлік ақпараттың рөлін күшейтіп, оны басқарушылық

талдаудың маңызды құралына айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда, ESG көрсеткіштері бойынша ақпаратты құрылымдау мен біріздендіру корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыруға және ақпараттық ашықтық деңгейін жоғарылатуға бағытталған маңызды фактор ретінде көрініс табады. Нәтижесінде бухгалтерлік қызмет ұйымның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін кешенді аналитикалық жүйенің ажырамас элементіне айналады [Pranesti A. et al., 2026].

Бухгалтерлердің практикалық рөлі де кеңейіп, олар корпоративтік стратегияны тұрақты даму талаптарына сәйкестендіруде маңызды рөл атқарады. Шағын және орта кәсіпорындарда бухгалтерлер экологиялық есептілікті дайындауда белсенді қатысып, ESG көрсеткіштерін өлшеу, талдау және ашуға жауап береді [O'Reilly S. et al., 2025]. Сонымен қатар, бухгалтерлердің айналым экономикасы мен ресурстарды тиімді пайдалану саласындағы тәжірибесі ұйымның стратегиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді [Halari A., Baric M., 2023].

Тұрақты даму есептілігін дайындау мен ашудан бөлек, оны тексеру және растау бухгалтерлердің маңызды функциясына айналды. ESG ақпараттың сенімділігі корпоративтік ашықтық пен жауапкершілікке тікелей әсер етеді, бұл бухгалтерлердің аудит және ішкі бақылау процестеріндегі стратегиялық рөлін арттырады [Harrer T., Lehner O.M., 2024].

Басқарушылық есеп пен бақылау жүйелері ұйымдарға ESG талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етуге көмектеседі, бұл бухгалтерлердің ақпаратты жинау, талдау және шешім қабылдау қабілетін күшейтеді [Demaret J., Molinari M., 2025].

Бухгалтерлердің ESG есептілігін әзірлеудегі ақпараттық, тұлғааралық және шешім қабылдау рөлі ұйым стратегиясын қалыптастыруға тікелей ықпал етеді, бұл бухгалтерлердің рөлін тек қаржылық есеп жүргізушіден стратегиялық серіктеске айналдырады [Che Kasim C.F. et al., 2024]. Жалпы, IFRS S1 және S2 стандарттарының енгізілуі бухгалтерлердің кәсіби функцияларын жаңғыртып, оларды ұйымдағы стратегиялық шешім қабылдаудың, ESG есептілігінің және корпоративтік тұрақтылықтың негізгі драйверіне айналдырды.

Әдістер

Бұл зерттеу IFRS S1 және IFRS S2 стандарттарының бухгалтерлердің кәсіби рөлін трансформациялаудағы ықпалын кешенді бағалау мақсатында жүргізілді. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде жүйелі әдебиетке шолу тәсілі таңдалды. Аталған тәсіл ғылыми жарияланымдарды құрылымды түрде жинақтауға, оларды салыстырмалы талдау арқылы синтездеуге және ESG есептілігіндегі бухгалтерлердің рөлінің эволюциясын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында тұрақты даму есептілігінің экожүйесі мен оның IFRS S1 және IFRS S2 стандарттарымен өзара байланысын талдау үшін концептуалдық және жүйелік талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер ESG есептілігінің институционалдық дамуын және бухгалтерлік зерттеулердің оның практикалық енгізілуіне ықпалын анықтауға мүмкіндік берді [Pratama A. et al., 2024].

Жекелеген зерттеулерде сапалық және сандық әдістердің үйлесімі пайдаланылды. Мысалы, климатқа байланысты тұрақты даму мәселелерін бухгалтерлік білім беру жүйесіне енгізу аспектілерін зерттеу барысында институционалдық теория мен легитимділік тұжырымдамасына негізделген талдау жүргізілді, бұл бухгалтерлердің жаңа кәсіби құзыреттерінің қалыптасу үрдісін түсіндіруге мүмкіндік береді [Khosa A. et al., 2026].

ESG есептілігінің ашықтығы мен есеп берушілігін арттырудағы IFRS S1 және IFRS S2 стандарттарының ықпалын бағалау және бухгалтерлердің тұрақты даму есептілігіндегі рөлін түсіну үшін жүйелі және құрылымдалған әдебиетке шолу әдістері қолданылды, бұл тәсіл стандарттардың ақпараттық ашықтыққа және бухгалтерлердің стратегиялық рөліне әсерін кешенді бағалауға мүмкіндік береді [Wahyuni P.D., 2025; Ascani I. et al., 2021].

Зерттеу шеңберінде Қазақстан жағдайында ESG стандарттарын енгізу ерекшеліктерін талдау үшін кейстік және институционалдық талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсіл ұлттық деңгейдегі реттеушілік және практикалық кедергілерді анықтауға мүмкіндік берді [Bakbergen, 2024; Jumasseitova A. K., Alybayeva D., 2025]. Сонымен қатар, IFRS S1 және IFRS S2 негізінде тұрақты даму көрсеткіштерін қалыптастырудың дайындық деңгейін бағалау үшін индикаторлық талдау әдісі қолданылды [Verawaty V. et al., 2025].

Жүргізілген талдау нәтижесінде зерттеу объектісі ретінде таңдалған корпоративтік құрылымдардың тұрақты даму есептілігі мен ESG көрсеткіштері жан-жақты қарастырылып, бухгалтерлердің стратегиялық және аналитикалық рөлінің арту тенденциясы айқындалды.

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу бірнеше өзара толықтыратын тәсілдерге негізделді. Алдымен құжаттық талдау жүргізіліп, есептіліктің құрылымдық ерекшеліктері, қолданылатын стандарттар және ESG индикаторларының жүйеленуі сарапталды. Бұдан кейін салыстырмалы талдау әдісі арқылы корпоративтік басқару жүйесінде ESG қағидаттарының іске асырылу деңгейі, ақпараттық ашықтық дәрежесі және жарияланатын көрсеткіштердің мазмұндық айырмашылықтары айқындалды. Сонымен қатар сандық бағалау элементтері енгізіліп, S&P Global, Sustainalytics, MSCI және CDP сияқты халықаралық рейтингтік агенттіктердің деректері негізінде компаниялардың тұрақтылық деңгейіне салыстырмалы бағалау жүргізілді. Қолданылған әдістер жиынтығы бухгалтерлік есеп жүйесі мен тұрақты даму есептілігінің өзара ықпалдасуын тереңірек зерделеуге, сондай-ақ IFRS S1 және IFRS S2 стандарттарының корпоративтік тәжірибеге әсер ету дәрежесін неғұрлым жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Қазіргі ғылыми зерттеулер тұрақты даму есептілігінің сапасына әсер ететін негізгі факторлардың бірі ретінде халықаралық стандарттардың, оның ішінде IFRS S1 және IFRS S2 талаптарының рөлін айқындайды. Дегенмен, көпшілік еңбектер негізінен теориялық сипатта болып, нақты корпоративтік тәжірибеде стандарттардың қолданылу механизмдері мен бухгалтерлердің практикалық қатысуын толық ашпайды. Осы тұрғыдан, ESG есептілігін қалыптастырудағы бухгалтерлік функциялар, стандарттарды енгізудің нақты әдістемелік аспектілері және корпоративтік басқару құрылымына ықпалы жеткілікті деңгейде эмпирикалық зерттелмеген.

Зерттеу шеңберінде Қазақстанның ірі корпоративтік субъектілері – Kazatomprom, Samruk-Energy және QazaqGaz компанияларының тұрақты даму есептілігі салыстырмалы талдау әдісі арқылы жан-жақты қарастырылды [1-кесте]. Нәтижелер көрсеткендей, компаниялар ESG ақпаратын жинау, жүйелеу және жариялау тәсілдерінде елеулі айырмашылықтарға ие.

Атап айтқанда, Kazatomprom интеграцияланған есептілік моделін қолдана отырып, ESG көрсеткіштерін стратегиялық басқару жүйесімен үйлестіреді және олардың деңгейін S&P Global және CDP рейтингтері арқылы бағалайды [Kazatomprom JSC., 2025]. Samruk-Energy компаниясында есептілік GRI стандарттарына толық сәйкес қалыптастырылып, әлеуметтік, экологиялық және еңбек қауіпсіздігі аспектілері кешенді түрде қамтылған, ал Sustainalytics бағалауы бойынша тәуекел деңгейі орташа санатқа жатады [Samruk-Energy JSC., 2025]. QazaqGaz тәжірибесінде ESG көрсеткіштері GRI талаптарына сәйкес жүйеленіп, MSCI және CDP рейтингтері арқылы бағаланған, сондай-ақ корпоративтік басқару құрылымына институционалдық деңгейде толық енгізілген [NC QazaqGaz JSC., 2024].

Осы әдістемелік тәсілдердің үйлесімі бухгалтерлік есеп жүйесі мен тұрақты даму есептілігінің өзара байланысын жан-жақты талдауға, сонымен қатар IFRS S1 және IFRS S2 стандарттарының нақты корпоративтік тәжірибеге ықпалын объективті бағалауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл бухгалтерлердің кәсіби рөлінің стратегиялық және аналитикалық бағытқа бет бұруын айқын көрсетіп, корпоративтік ақпараттық ашықтық пен басқару сапасын арттыруда маңызды фактор ретінде қарастырылады.

1-кесте

ESG есептілігі бойынша салыстырмалы анализ

Критерий	Kazatomprom	Samruk-Energy	QazaqGaz
Есептілік форматы	Корпоративтік тұрақтылық бағасы & ESG Score	Еңбекті қамтитын интеграцияланған жылдық есеп	GRI негізіндегі тұрақты даму есептері
Қолданылатын стандарттар	S&P Global бағасы, CDP климат рейтингі	GRI стандарттары негізінде есеп	GRI стандарттары бойынша есеп
ESG рейтинг/ бағалау	S&P Global: 50–51/100 (2024–2025)	ESG рейтингтері/ Sustainalytics: ~24.1 (орташа тәуекел)	MSCI: A рейтингі (2024), CDP: B рейтингісі (климат)
Тұрақты даму деректерін жариялау деңгейі	Тұрақты даму стратегиясы, ESG практикалары (интеграцияланған есеп)	толық GRI көрсеткіштері, әлеуметтік, экологиялық көрсеткіштер бар	GRI стандартына сәйкес тәулік бойынша ашылған ESG көрсеткіштер
Корпоративтік басқару процесіне интеграциялау	ESG - басқарушылық стратегиялық бағыт ретінде жарияланған	GRI стандарттарына сәйкестік негізінде корпоративтік басқару көрсетілген	Тұрақты даму қағидалары басқару жүйесіне енгізілген
Қоршаған орта көрсеткіштері	Климат өзгерісі, толық емес саясатына арналған CDP көрсеткіші бар	Есеп энергияны тиімді пайдалану және шығарындылар туралы ақпаратты қамтиды	Қоршаған ортаға әсер және еңбек қауіпсіздігі туралы ақпарат қамтылады
Әлеуметтік әсер	Әлеуметтік жобалар, әлеуметтік даму аспектілері есепте көрінеді	Әлеуметтік аспектілер, HSE және еңбек бағалануы бар	Еңбекті қорғау және әлеуметтік жауапкершілік көрсетілген
Корпоративтік басқару	Басқару жүйесі стратегиялық жоспарға енгізілген	Басқару және ESG қағидалары интеграцияланған	ESG басқару жүйесі қалыптасқан (ESG комитеті)

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер ESG есептілігінің мазмұны мен сапасы компанияның стратегиялық басымдықтарына, қолданылатын халықаралық стандарттарға және корпоративтік басқару тетіктерінің жетілу деңгейіне тікелей тәуелді екенін көрсетеді. Сонымен қатар, бухгалтерлік қызметтің функционалдық аясы кеңейіп, қаржылық ақпаратпен қатар экологиялық және әлеуметтік деректерді жүйелеу мен талдауды қамтитын кешенді басқару құралына айналып отырғаны байқалады.

Пікір алмасу

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері ESG есептілігінің қалыптасуы компаниялар арасында тек мазмұндық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар әдіснамалық және институционалдық деңгейде де әркелкі екенін көрсетеді. Бұл айырмашылықтар ESG деректерін өлшеу, верификациялау және ұсыну тәсілдерінің әртүрлілігімен түсіндіріледі.

Kazatomprom тәжірибесі ESG көрсеткіштерін сыртқы рейтингтік жүйелер арқылы бағалау моделінің басымдығын көрсетеді. S&P Global бағалауы бойынша 50-51/100 деңгейіндегі көрсеткіш және CDP климаттық рейтингі ESG ақпараттың сандық интерпретациясын қамтамасыз етеді. Алайда бұл тәсілдің ерекшелігі - ESG деректерін бағалау компания ішінде емес, сыртқы әдіснамалар арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде бухгалтерлік қызметтің рөлі деректерді бастапқы жинақтаушыдан гөрі, сыртқы бағалау талаптарына бейімдеуші және транслятор ретінде көрінеді. Бұл жағдай ESG деректерінің ішкі басқарушылық мақсаттарға қарағанда сыртқы пайдаланушыларға бағытталғанын көрсетеді.

Samruk-Energy компаниясында керісінше, ESG есептілігі Global Reporting Initiative (GRI) стандарттарына толық сәйкестендірілген құрылымдық модельге негізделген. Компания 2024 жылы PwC Kazakhstan ESG Disclosure рейтингінде A+ деңгейін алып, Қазақстандағы 98 компания арасында бірінші орынға ие болған. Бұл модель ESG көрсеткіштерін жүйелі түрде анықтауға, оларды стандартталған индикаторлар арқылы өлшеуге және динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Мысалы, парниктік газ шығарындыларының 18,9%-ға төмендеуі немесе зиянды заттардың 13,8%-ға қысқаруы ESG деректерінің тек жарияланып қана қоймай, басқарушылық тиімділікті бағалау құралына айналғанын дәлелдейді. Мұндай жағдайда бухгалтерлік қызмет деректерді тіркеуші емес, индикаторлар жүйесін қалыптастырушы және талдаушы ретінде әрекет етеді.

QazaqGaz тәжірибесі ESG есептілігінің гибридті моделін көрсетеді, яғни GRI стандарттары мен халықаралық рейтингтік бағалаулардың (MSCI – “A”, CDP – “B”) үйлесімі қолданылады. Бұл тәсіл ESG деректерін әрі құрылымдық, әрі салыстырмалы түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ESG комитетінің болуы ESG ақпараттың институционалданған басқару жүйесіне енгізілгенін білдіреді. Бұл жағдайда бухгалтерлік қызмет тек ақпаратты қалыптастырушы емес, әртүрлі дереккөздерді біріктіруші және ішкі бақылау жүйесінің элементі ретінде көрінеді.

Аталған үш модельді салыстыру ESG есептілігінің үш түрлі даму логикасын айқындайды:
- рейтингке бағытталған модель (Kazatomprom);
- стандартқа негізделген модель (Samruk-Energy);
- гибридті модель (QazaqGaz).

Бұл модельдердің айырмашылығы ESG көрсеткіштерінің сапасына емес, оларды қалыптастыру архитектурасына байланысты. Нәтижесінде ESG деректерінің салыстырмалылығы тек сандық көрсеткіштермен емес, қолданылатын әдіснамалармен шектеледі.

Осы тұрғыдан алғанда, ESG есептілігінің негізгі проблемаларының бірі - әдіснамалық фрагментация, яғни әртүрлі стандарттар мен рейтингтік жүйелердің қатар қолданылуы. Бұл жағдай бухгалтерлік қызмет алдында ESG деректерін біріздендіру, трансформациялау және әртүрлі форматтар арасында сәйкестендіру міндеттерін қояды.

Бұл мәселені шешуде International Sustainability Standards Board әзірлеген IFRS S1 және S2 стандарттары маңызды рөл атқарады. IFRS S1 жалпы ESG ақпаратты ашудың бірыңғай құрылымын қалыптастырса, IFRS S2 климатқа қатысты тәуекелдерді қаржылық есеппен байланыстыруды талап етеді. Нәтижесінде ESG деректері қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігіне айналып, олардың сенімділігі мен салыстырмалылығына қойылатын талаптар күшейеді.

Осы өзгерістер бухгалтерлік қызметтің функционалдық трансформациясына әкеледі. Атап айтқанда, бухгалтерлердің рөлі:
- деректерді тіркеушіден → ESG деректерін басқарушыға;
- есеп берушіден → талдаушыға;
- қаржылық маманнан → интеграцияланған есептілік сарапшысына айналады.

Жүргізілген талдау ESG есептілігінің дамуы тек корпоративтік ашықтықтың артуымен шектелмей, бухгалтерлік қызметтің институционалдық және функционалдық трансформациясына алып келетінін көрсетеді. ESG деректерін басқару жүйесінің жетілу деңгейі компанияның тұрақты даму стратегиясының тиімділігін анықтайтын негізгі факторлардың біріне айналуда.

Қорытынды

IFRS S1 және IFRS S2 стандарттарының енгізілуі бухгалтерлік есептің дәстүрлі шеңберін кеңейтіп, тұрақты даму есептілігін ұйым үшін стратегиялық ақпараттық ресурсқа

айналдырды. Қаржылық және қаржылық емес деректерді кешенді интеграциялау ұйымның қызметін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беріп, есептіліктің сапасын жаңа сапалық деңгейге көтерді. Бұл процесс бухгалтерлік қызметтің функционалдық мазмұнын түбегейлі трансформациялап, дәстүрлі есеп жүргізу міндеттерін талдамалық, интеграциялық және басқарушылық аспектілермен толықтырды. Нәтижесінде бухгалтерлердің рөлі басқарушылық шешімдерді ақпараттық қамтамасыз етумен шектелмей, ESG көрсеткіштерін жүйелеу, талдау және интерпретациялау арқылы стратегиялық маңызға ие болады.

Дамушы елдер жағдайында тұрақты даму есептілігін дамыту кәсіби дайындықты, институционалдық қолдауды және стандарттарды тиімді енгізуді талап етеді. Бухгалтерлер ESG бағытындағы білімдерін тереңдетіп, деректерді аналитикалық өңдеу, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану және интеграциялық дағдыларын жетілдіруі қажет. Сонымен қатар, ақпараттық жүйелерді жетілдіру, халықаралық стандарттар негізінде есептілікті үйлестіру және корпоративтік практикаларды тұрақты дамыту ұйымның есептілік сапасын арттырудың маңызды компоненттері болып табылады.

Қорытындылай келе, IFRS S1 және IFRS S2 стандарттарының енгізілуі бухгалтерлік қызметтің жаңа сапалық моделін қалыптастырып, оны ұйымның тұрақты даму стратегиясына толық интеграциялайды. Бухгалтерлердің кешенді кәсіби дайындығы, аналитикалық қабілеті және стратегиялық көзқарасы тұрақты даму есептілігінің тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі фактор ретінде қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Pranesti A., Mustakini J.H., Wijayana S., Arifa C. (2026) The role of IFRS S1 and S2 in addressing ESG-earnings quality research fragmentation. *Discov. Sustain.,* 7, 358. DOI: https://doi.org/10.1007/s43621-026-02889-4 [Электрондық ресурс]: URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s43621-026-02889-4 (өтінім берілген күні: 01.03.2026).

O'Reilly S., Mac An Bhaird C., Gorman L., Brennan N.M. (2025) Accounting practitioners' perspectives on small- and medium-sized enterprises' environmental sustainability reporting. *Journal of Applied Accounting Research*, 26(6), 26-46. DOI: https://doi.org/10.1108/JAAR-08-2023-0250 [Электрондық ресурс]: URL: https://ideas.repec.org/a/eme/jaarpp/jaar-08-2023-0250.html (өтінім берілген күні: 01.03.2026).

Halari A., Baric M. (2023) Exploring accountants' involvement in circular economy: Experiences and perspectives of practitioners. *Qualitative Research in Accounting & Management*, 20(4), 421–446. DOI: https://doi.org/10.1108/QRAM-03-2022-0048 [Электрондық ресурс]: URL: https://ideas.repec.org/a/eme/qrampp/qram-03-2022-0048.html (өтінім берілген күні: 03.03.2026).

Harrer T., Lehner O.M. (2024) Assuring the unknowable: The evolving landscape of sustainability assurance for financial auditors. *Current Opinion in Environmental Sustainability*, 67, 101413. DOI: https://doi.org/10.1016/j.cosust.2023.101413 [Электрондық ресурс]: URL: https://doi.org/10.1016/j.cosust.2023.101413 (өтінім берілген күні: 06.03.2026).

Demaret J., Molinari M. (2025) How management accounting and control systems facilitate compliance with sustainability reporting regulations. *Journal of Applied Accounting Research*, 26(4), 829–846. DOI: https://doi.org/10.1108/JAAR-04-2024-0158 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/JAAR-04-2024-0158/full/html (өтінім берілген күні: 06.03.2026).

Che Kasim C. F., Yusoff H., Mohd Fahmi F. (2024) Accountants' roles in sustainability accounting and reporting: The preliminary findings. *Corporate Governance and Organizational Behavior Review, 8*(2), 50–59. DOI: https://doi.org/10.22495/cgobrv8i2p5 [Электрондық ресурс]: URL: https://virtusinterpress.org/IMG/pdf/cgobrv8i2p5.pdf (өтінім берілген күні: 11.03.2026).

Pratama A., Dewi N., Sofia P., Muhammad K., Megawati L. R. (2024) Sustainability reporting ecosystem and IFRS S1 and S2: How accounting research can assist its implementation.

Journal of Ecohumanism, 3(4), 3101–3168. DOI: https://doi.org/10.62754/joe.v3i4.3830 [Электрондық ресурс]: URL: https://ecohumanism.co.uk/joe/ecohumanism/article/view/3830 (өтінім берілген күні: 12.03.2026).

Khosa A., Wilkin C., Pandey R. (2026) Introducing climaterelated sustainability into accounting curricula: Legitimacy and institutional entrepreneurs. *The British Accounting Review*. DOI: https://doi.org/10.1016/j.bar.2026.101871 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0890838926000533 (өтінім берілген күні: 20.03.2026).

Wahyuni P. D. (2025) The role of IFRS S1 and S2 in enhancing transparency and accountability of ESG reports: A systematic review. *Asian Journal of Economics, Business and Accounting, 25*(1), 1–12. DOI: https://doi.org/10.9734/ajeba/2025/v25i11628 [Электрондық ресурс]: URL: https://doi.org/10.9734/ajeba/2025/v25i11628 (өтінім берілген күні: 23.03.2026).

Ascani I., Ciccola R., Chiucchi M. S. (2021) A structured literature review about the role of management accountants in sustainability accounting and reporting. *Sustainability, 13*(4), Article 2357. DOI: https://doi.org/10.3390/su13042357 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.mdpi.com/2071-1050/13/4/2357 (өтінім берілген күні: 26.03.2026).

Bakbergen R. (2024) The advancement of ESG (Environmental, Social, and Governance) standards in Kazakhstan and the implementation of leading international practices for sustainable growth in both corporate and public sectors. *World Scientific Reports*(6). [Электрондық ресурс]: URL: https://ojs.publisher.agency/index.php/WSR/article/view/3555 (өтінім берілген күні: 30.03.2026).

Jumasseitova A. K., Alybayeva D. (2025) Barriers to ESG Standards Implementation in Kazakhstan. *Archives of Business Research, 13*(07), 23–31. DOI: https://doi.org/10.14738/abr.1307.19063 [Электрондық ресурс]: URL: https://journals.scholarpublishing.org/index.php/ABR/article/view/19063 (өтінім берілген күні: 30.03.2026).

Verawaty V., Khomsiyah, K., Gunawan, J., Nuryatno, M. (2025) Developing sustainability disclosure indicators based on IFRS S1 & S2: Are we ready? *Journal of Information Systems Engineering and Management,* 10(58s). DOI: https://doi.org/10.29333/jisem/12559 [Электрондық ресурс]: URL: https://jisem-journal.com/index.php/journal/article/view/12559 (өтінім берілген күні: 27.03.2026).

Kazatomprom JSC. (2025). S&P Global improves Kazatomprom's ESG score. *Kazatomprom*. [Электрондық ресурс]: URL: https://www.kazatomprom.kz/en/media/view/spglobal_improves_kazatomproms_esg_score (өтінім берілген күні: 28.03.2026).

Samruk-Energy JSC. (2025). Samruk-Energy JSC recognized as leader in ESG disclosure by PwC Kazakhstan. *Samruk-Energy*. [Электрондық ресурс]: URL: https://samruk-energy.kz/en/press-center/news/2535-samruk-energy-jsc-recognized-as-leader-in-esg-disclosure-by-pwc-kazakhstan (өтінім берілген күні: 28.03.2026).

NC QazaqGaz JSC. (2024). Sustainable development: ESG rating and non-financial disclosure [Web page]. *QazaqGaz*. [Электрондық ресурс]: URL: https://qazaqgaz.kz/en/ustojchivoe-razvitie (өтінім берілген күні: 28.03.2026).

References

Pranesti A., Mustakini J.H., Wijayana S., Arifa C. (2026) The role of IFRS S1 and S2 in addressing ESG-earnings quality research fragmentation. *Discov. Sustain.,* 7, 358. DOI: https://doi.org/10.1007/s43621-026-02889-4 [Electronic resource]: URL: https://link.springer.com/article/10.1007/s43621-026-02889-4 (date of access: 01.03.2026).

O'Reilly S., Mac An Bhaird C., Gorman L., Brennan N.M. (2025) Accounting practitioners' perspectives on small- and medium-sized enterprises' environmental sustainability reporting. *Journal of Applied Accounting Research*, 26(6), 26-46. DOI: https://doi.org/10.1108/JAAR-08-2023-0250 [Electronic resource]: URL: https://ideas.repec.org/a/eme/jaarpp/jaar-08-2023-0250.html (date of access: 01.03.2026).

Halari A., Baric M. (2023) Exploring accountants' involvement in circular economy: Experiences and perspectives of practitioners. *Qualitative Research in Accounting & Management*, 20(4), 421-446. DOI: https://doi.org/10.1108/QRAM-03-2022-0048 [Electronic resource]: URL: https://ideas.repec.org/a/eme/qrampp/qram-03-2022-0048.html (date of access: 03.03.2026).

Harrer T., Lehner O.M. (2024) Assuring the unknowable: The evolving landscape of sustainability assurance for financial auditors. *Current Opinion in Environmental Sustainability*, 67, 101413. DOI: https://doi.org/10.1016/j.cosust.2023.101413 [Electronic resource]: URL: https://doi.org/10.1016/j.cosust.2023.101413 (date of access: 06.03.2026).

Demaret J., Molinari M. (2025) How management accounting and control systems facilitate compliance with sustainability reporting regulations. *Journal of Applied Accounting Research*, 26(4), 829-846. DOI: https://doi.org/10.1108/JAAR-04-2024-0158 [Electronic resource]: URL: https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/JAAR-04-2024-0158/full/html (date of access: 06.03.2026).

Che Kasim C. F., Yusoff H., Mohd Fahmi F. (2024) Accountants' roles in sustainability accounting and reporting: The preliminary findings. *Corporate Governance and Organizational Behavior Review, 8*(2), 50-59. DOI: https://doi.org/10.22495/cgobrv8i2p5 [Electronic resource]: URL: https://virtusinterpress.org/IMG/pdf/cgobrv8i2p5.pdf (date of access: 11.03.2026).

Pratama A., Dewi N., Sofia P., Muhammad K., Megawati L. R. (2024) Sustainability reporting ecosystem and IFRS S1 and S2: How accounting research can assist its implementation. *Journal of Ecohumanism, 3*(4), 3101–3168. DOI: https://doi.org/10.62754/joe.v3i4.3830 [Electronic resource]: URL: https://doi.org/10.62754/joe.v3i4.3830 (date of access: 12.03.2026).

Khosa A., Wilkin C., Pandey R. (2026) Introducing climaterelated sustainability into accounting curricula: Legitimacy and institutional entrepreneurs. *The British Accounting Review*. DOI: https://doi.org/10.1016/j.bar.2026.101871 [Electronic resource]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0890838926000533 (date of access: 20.03.2026).

Wahyuni P. D. (2025) The role of IFRS S1 and S2 in enhancing transparency and accountability of ESG reports: A systematic review. *Asian Journal of Economics, Business and Accounting, 25*(1), 1–12. DOI: https://doi.org/10.9734/ajeba/2025/v25i11628 [Electronic resource]: URL: https://doi.org/10.9734/ajeba/2025/v25i11628 (date of access: 23.03.2026).

Ascani I., Ciccola R., Chiucchi M. S. (2021) A structured literature review about the role of management accountants in sustainability accounting and reporting. *Sustainability, 13*(4), Article 2357. DOI: https://doi.org/10.3390/su13042357 [Electronic resource]: URL: https://www.mdpi.com/2071-1050/13/4/2357 (date of access: 26.03.2026).

Bakbergen R. (2024) The advancement of ESG (Environmental, Social, and Governance) standards in Kazakhstan and the implementation of leading international practices for sustainable growth in both corporate and public sectors. *World Scientific Reports*(6) [Electronic resource]: URL: https://ojs.publisher.agency/index.php/WSR/article/view/3555 (date of access: 30.03.2026).

Jumasseitova A. K., Alybayeva D. (2025) Barriers to ESG Standards Implementation in Kazakhstan. *Archives of Business Research, 13*(07), 23-31. DOI: https://doi.org/10.14738/abr.1307.19063 [Electronic resource]: URL: https://journals.scholarpublishing.org/index.php/ABR/article/view/19063 (date of access: 30.03.2026).

Verawaty V., Khomsiyah, K., Gunawan, J., Nuryatno, M. (2025) Developing sustainability disclosure indicators based on IFRS S1 & S2: Are we ready? *Journal of Information Systems Engineering and Management, 10*(58s). DOI: https://doi.org/10.29333/jisem/12559 [Electronic resource]: URL: https://jisem-journal.com/index.php/journal/article/view/12559 (date of access: 27.03.2026).

Kazatomprom JSC. (2025) S&P Global improves Kazatomprom's ESG score. *Kazatomprom* [Electronic resource]: URL: https://www.kazatomprom.kz/en/media/view/spglobal_improves_kazatomproms_esg_score (date of access: 30.03.2026).

Samruk-Energy JSC. (2025) Samruk-Energy JSC recognized as leader in ESG disclosure by PwC Kazakhstan. *Samruk-Energy* [Electronic resource]: URL: https://samruk-energy.kz/en/press-center/news/2535-samruk-energy-jsc-recognized-as-leader-in-esg-disclosure-by-pwc-kazakhstan (date of access: 28.03.2026).

NC QazaqGaz JSC. (2024) Sustainable development: ESG rating and non-financial disclosure [Web page]. *QazaqGaz* [Electronic resource]: URL: https://qazaqgaz.kz/en/ustojchivoe-razvitie (date of access: 28.03.2026).

Поступила в редакцию: 06.04.2026
Одобрена: 08.04.2026
Первая публикация: 28.06.2026